

ЖОБА

Алға аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 217 «2019-2021 жылдарға арналған Алға аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9 бабының 2 тармағына және 106, 109 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алға аудандық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы №217 «2019-2021 жылдарға арналған Алға аудандық бюджетін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3-3-192 тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіде 2019 жылғы 4 қаңтарда жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер

«8 081 960,6» сандары «8 081 978,6» сандарымен ауыстырылсын;

оның ішінде:

трансферттер түсімдері бойынша

«7 244 252,6» сандары «7 244 270,6» сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар

«8 084 351,4» сандары «8 084 369,4» сандарымен ауыстырылсын;

10 тармақта:

жетінші абзацта «56 459» сандары «56 477» сандарымен ауыстырылсын;

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімдегі 1 қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. «Алға аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді.

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Алға аудандық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық сессиясының

Аудандық мәслихат

мәслихат төрағасы
А. Жиенбаев

хатшысы
Б. Жұмабаев